

«№37 орта мектебі» КММ

Бұйрық № 94

Ақтөбе қаласы

13.08.2021 ж

**2021-2022 оқу жылының
басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486/21-01-7.13 п.3.7 тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 09.08.2021 жылғы №207 бұйрығы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 11.08.2021 жылғы №236 бұйрығы негізінде мектепте 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектеп әкімшілігіне:

1.1. «№37 орта мектебі» КММ-нің жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.

1.2. Мектепалды дайындық сыныбы (МАД), 1-11 класс білім алушылары мен педагогтардың, қызметкерлердің қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.

1.3. Білім алушылардың өткен оқу жылында қашықтан оқыту форматына байланысты жоғалтқан білімін толықтыруы (learning loss) бойынша шаралар қабылданды;

1.4. Жұмыс барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы басшылыққа алынып және ата-аналар назарына жеткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

1). Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы -2021 жылғы 1 қыркүйек;

2). Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 (12) -сыныптарда -34 оқу аптасы;

Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

3). 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы- 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында)

1.5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Жұмысты жүргізу директордың орынбасарлары: оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ж.К. Жамановаға**, әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары **Ж.Ж. Ахметоваға**, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.А. Амантурлиеваға**, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары **Г.К.Балмағамбетке** міндеттелсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ж.К. Жамановаға** міндеттелсін.

Мектеп директоры



К.К. Абуова

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы

№ 124

27.08.2022ж.

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2022 жылғы 26 тамыздағы №270 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №265 бұйрығы негізінде 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН

1. Мектеп әкімшілігіне:

1.1. Мектептің 2022-2023 оқу жылына дайын болуы қамтамасыз етілсін.

1.2. Мектепте оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынсын және ата-аналар назарына жеткізілсін.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылдансын.

1.5. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 сыныптарда күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

1.7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3

бастауыш, негізгі орта және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын..

1.8. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.9. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуы директор орынбасарлары: **Ж.Жамановаға, Ж.Ахметоваға, А.Амантурлиеваға, Г.Балмағанбетке** міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.С.Назиков
А.С.Назиков

Бұйрықпен тапсыты:
Жаманова Ж.К.
Ахметова Ж.Ж.
Амантурлиева А.А.
Балмағанбет Г.К.

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы

№ 463

01.09.2023ж.

**«№37 орта мектебі» КММ-де
2023-2024 оқу жылының басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №277 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.Мектеп әкімшілігіне:

1.1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.

1.3. Оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы педагогтерге, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

1.6. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуы директор орынбасарлары: **Ж.Жамановаға, Ж.Ахметоваға, А.Амантурлиеваға, Т.Баймағанбетке** міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуы бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

А.С.Назиков

Бұйрықпен танысты: /